

"Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есептерді және өндірілген пайдалы қатты қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар туралы есептерді, сондай-ақ өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы есепті ұсыну қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 25 мамырдағы № 392 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 447 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 маусымда № 32838 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есептерді және өндірілген пайдалы қатты қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар туралы есептерді, сондай-ақ өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы есепті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 25 мамырдағы №392 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17052 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есептерді және өндірілген пайдалы қатты қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар туралы есептерді, сондай-ақ өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы есепті ұсыну қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есептерді және өндірілген пайдалы қатты қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар туралы есептерді, сондай-ақ өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы есепті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 215-бабының 3-тармағының бесінші бөлігіне, 236-бабының 2-тармағының екінші бөлігіне және 272-бабының 1-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 744-бабына сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есептерді және өндірілген пайдалы қатты қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар туралы есептерді, сондай-ақ өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Кодексте және Салық кодексінің 1-бабы 1-тармағының 49) тармақшасында айқындалған мағынасында қолданылады.";

2-тараудың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Пайдалы қазбалардың қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сыныптамасы бойынша қорлары бекітілген пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне өндірілген пайдалы қатты қазбалар туралы есепті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар және минералдық қорлар туралы жария есептіліктің қазақстандық кодексінің (бұдан әрі - KAZRC Кодексі) стандарты бойынша пайдалы қатты қазбалардың бағаланған ресурстар мен қорлары кезінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірілген пайдалы қатты қазбалар туралы есепті жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне ұсынады.";

2-тараудың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пайдалы қазбалардың қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сыныптамасы бойынша қорлары бекітілген кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне өндірілген кең таралған пайдалы қазбалар туралы есепті осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

KAZRC Кодексі стандарты бойынша бағаланған ресурстар мен қорлары кезінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне өндірілген кең таралған пайдалы қазбалар туралы есепті осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын":

"Пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесін барлауды (пайдалану барлауын) жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар Кодекстің 90-бабының 5-тармағына сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне геологиялық есептерді ұсынады."

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы